

«СИРДП-Е» ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ ШЫҒЫНДАРДЫ АЙТАРЛЫҚТАЙ ҚЫСҚАРТҚАННЫҢ ӨЗІНДЕ ЖОҒАРЫ ӨТКІЗГІШТІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ. ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ШЫҒЫНЫ АЗ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМҒА КЕТЕТІН ҚОСЫМША ШЫҒЫНСЫЗ ӨТКІЗУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ МҮМКІНДІГІНЕ ИЕ БОЛҒАНДЫҚТАН ЖҮЙЕ ПЕРСПЕКТИВАЛЫ БОЛЫП САНАЛАДЫ.



Батыр КОТЫПЕВ,
«КТЖ» ҰК» АҚ бас инженері



№7 (2722)
04/02/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ОБНОВЛЕНИЕ СПОСОБСТВУЕТ РАЗВИТИЮ

Страны ОЭС в онлайн-режиме обсудили развитие транспортных коридоров. В частности, речь шла о возможностях для облегчения и нормализации транзитных перевозок после пандемии, а также рассмотрели рекомендации по бесперебойному функционированию цепочки поставок через территорию стран – участников ОЭС.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Нұр-Сұлтан

Участие в 11-м заседании министров транспорта государств – членов ОЭС приняли также руководители международных организаций – МСАТ, ОПЕК, ЕЭК ООН, ОСЖД, Банка торговли и развития. Казахстанскую делегацию возглавил вице-министр индустрии и инфраструктурного развития Берик Камалиев.

В ходе заседания он отметил рост транзита грузов и контейнеров по итогам 2021 года. Так, в минувшем году перевезено 1,06 миллиона ДФЭ, что на 21,6% больше, чем в предыдущий период.

Также он остановился о предпринимаемых Казахстаном мерах по развитию и повыше-

нию эффективности существующих транзитных транспортных коридоров. В частности, заместитель министра коснулся успехов в развитии Транскаспийского международного транспортного маршрута и сухого порта в СЭЗ «Хоргос – Восточные ворота», который уже стал мощным транспортно-логистическим хабом в регионе.

Кроме того, вице-министр проинформировал о применяемых Казахстаном информационных системах, позволяющих обмениваться данными между портами прикаспийских стран и сообщил о проработке меморандума с КНР касательно проекта железнодорожных транзитных перевозок «Железный караван», который позволит предотвратить появление заборов на пограничных переходах.

Говоря о развитии паромных сообщений и фидерных линий с портами Азербайджана, Ирана и РФ, Берик Камалиев также упомянул о планах по созданию высокопроизводительного контейнерного хаба в порту Актау.

В конце выступления он напомнил о необходимости развития коридора Китай – Казахстан – Туркменистан – Иран путем продолжения работы по установлению тарифных условий и предложению странам ОЭС маршрут из порта Бендер-Аббас (Иран) до порта Актау с использованием действующего маршрута Амирабад/Анзали (Иран) – Актау.

По итогам заседания принята «Анкарская декларация-2022».

Фото Александра ЖАБЧУКА

КӨМІР ТАСЫМАЛЫ КЕМІМЕГЕН

Елімізде биыл қыс жайлы болып тұрса да, көмір тасымалы азайған жоқ. Керісінше, ағымдағы жылдың қаңтар айында теміржол арқылы 10,3 млн тоннадан астам көмір тасымалданып, өткен жылдың сәйкес мерзіміне қарағанда 5% өсе түскені байқалады.



Қатты отынның 7,3 млн тоннасы ел ішіне таратылса, 3 млн тоннасы шетел асқан. Яғни, көмір экспортты 23% артқан. Былтыр «КТЖ» ҰК» АҚ желісі бойынша 106,2 млн тонна қатты отын тиеліп, бұл көрсеткіш алдыңғы жылдан 3% артық орындалған болатын. Соның ішінде, ел ішіне тиелгені 74,4 млн тонна, жоспар 2% жоғары. Жылу электр орталықтарына 64,6 млн тонна көмір жеткізілсе, халықтың коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктеріне 9,8 млн тоннасы таратылған. Экспортқа шығарылған көмір көлемі 31,8 млн тоннаны құрап, 2020 жыл көрсеткішінен 8% басым түскен. Бұл дегеніміз, шет елдер тарапынан қазақстандық көмірге сұраныстың жылдан-жылға артып келе жатқанын аңдаса керек.

Атап өтерлігі, әлеуметтік маңызға ие бұл жүктер, яғни астық пен көмір тасымалы ұлттық компания басшылығының тұрақты бақылауында. ҚТЖ бастамасымен күн сайын коммуналдық-тұрмыстық көмірдің ірі жөнелтушілері – «Шұбаркөл Көмір» АҚ, «Богатырь Көмір», «Tranco Nura», «ВостокУгольПром» ЖШС-лары және жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің қатысуымен кеңестер өткізіліп, көмір тасымалына қатысты мәселелер талқыланып отырады.

Бұдан бөлек, Компанияда көмір тасымалдау бойынша жедел штаб, ал жол бөлімшелерінде – жедел топтар құрылған. Олар жүк жөнелтушілердің өтінімдерінің дер кезінде қамтамасыз етілуін бақылауда ұстайды. Сонымен қатар ЖЭО және ГРЭС қоймаларындағы қатты отын қорының қалдықтарына мониторинг жүргізіп, жүк жөнелтушілерді мәлімделген көлемдер бойынша вагондармен қамтамасыз етуге атсалысады.

Сұлугұл БАКЕСОВА, Нұр-Сұлтан

ВЗАИМНЫЕ ИНТЕРЕСЫ

Вопросы взаимовыгодного сотрудничества обсудили в ходе рабочего визита консула Туркменистана в РК Мухамметнура Овезова в порт Актау.

На встрече председатель правления АО «НК «Актауский морской торговый порт» Абай Туриқпенбаев отметил высокий потенциал развития контейнерных перевозок между портами Актау и Туркменбаши.

Так, в настоящее время реализуются условия подписанного в августе 2021 года Соглашения о линейном контейнерном сообщении.

Ранее сторонами обсуждался вопрос создания новой регулярной контейнерной линии по маршруту порт Туркменбаши – порт Актау – порт Туркменбаши с курсированием фидерного судна не реже одного раза в неделю.

Туркменистан является одним из важных торговых партнеров Казахстана в Центральной Азии, и развитие контейнерных перевозок будет способствовать динамичному росту взаимной торговли.

Стоит отметить, что на базе порта Актау планируется создание контейнерного хаба, чтобы переориентировать часть грузов из Китая. Это позволит к 2025 году увеличить контейнеропоток через порт до 100 тысяч ДФЭ в год.

Любовь РОББА, Нұр-Сұлтан

Сервис

ӘЙЕЛДЕР ВАГОНЫНА СҰРАНЫС БАР

Үстіміздегі жылдың 1 ақпанынан бастап «Жолаушылар тасымалы» АҚ-на қарасты тағы алты бағдар бойынша жолаушылар пойызында әйелдер вагондары пайда болмақ.

Ислам ТАЛҒАТ,
Нұр-Сұлтан

Олар: №45/46 Павлодар-Шымкент; №85/86 Нұр-Сұлтан-1-Шымкент; №37/38 Маңғыстау-Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол-Семей; №47/48 Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол-Атырау; №379/380 Алматы-2-Орал және №73/74 Алматы-2-Жезқазған пойыздары.

Еске сала кетсек, Қазақстанда әйелдер вагондары 2021 жылдың қазан айында пайда болған еді. Алғаш рет олар №77/78 Алматы-Маңғыстау және №351/352 Алматы-1-Өскемен жолаушылар пойыздарында іске қосылған болатын. Жоба іске қосылған сәттен бастап, яғни 2021 жылғы 10 қазан мен 31 желтоқсан аралығында бұл қызметті 13 243 жолаушы әйел пайдаланған екен.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ жүргізген маркетингтік зерттеулерге сүйенсек, жүргізілген сауалнама барысында нәзік жандардың көпшілігі пойызда әйелдер үшін жеке вагон болғанын қалайтындарын білдіріпті. Тіпті, кейбіреулері мұндай қызмет үшін артық ақша төлеуге де дайын екендіктерін жеткізген. Демек,

әйелдер вагондарына сұраныс бар деген сөз. Алты бағдар бойынша жолаушылар пойыздарында әйелдер вагонының пайда болуы – осының айқын дәлелі. Бірақ, бұл қызмет үшін әйел жолаушылардан қосымша қаражат алынбайды.

Айта кетерлігі, 7 жасқа мейкіт ерек жыннысты балаларды ресімдеуге де болады. Яғни, анасы, әпкесі немесе басқа да сенімді өкілі ерткен ұл балалар. «Жолаушылар тасымалы» АҚ мамандары BILET.RAILWAYS.KZ сайтында және билет кассаларында әйелдер вагондарына темір жол билеттерін ресімдеген кезде жолаушылар, әсіресе, ер адамдар шартты белгілерге назар аударып, мұқият болу керектігін ескертеді. Яғни, «ӘВ» – әйелдер вагоны екенін білдіретін шартты белгі. Ал сапар барысында сұрақтар туындаған жағдайда жолаушылар вагон жолсерігіне немесе пойыз бастығына жүгіне алады. Сондай-ақ, әйелдер вагонына тек әйел жолсеріктер қызмет етеді.

Елімізде әйелдер вагонының пайда болғанына байланысты, әрине екі жақты пікірдің қалыптасары анық. Біреулер, мұны адамдарды жынысына қарай ара-жікке



бөлушілік немесе кемсітушілік деп қабылдайды. Қалай десек те, қазақ – әйел затын сыйлай, құрметтей білген халық. Сондықтан әйелдердің бұл қызметке деген сұранысын да түсіністікпен қабылдаған жөн. Жалпы, әйелдер вагондары Иран, Араб әмірліктері бірлестігі сияқты мұсылман елдерімен қатар Жапония, Корея, Үндістан мемлекеттерінде де бар. Ресей мемлекеті де бір кездері бұл жобаны қолданысқа енгізген, бірақ көпшілік тарапынан қолдау таппаған сыңайлы...

КОНТЕЙНЕРЛІК ТРАНЗИТ: РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШ

«KTZ Express» АҚ-ның 2021 жылдағы жұмыс қорытындысы бойынша өткен жылы транзиттік контейнерлік тасымал көлемі бұрын-соңды болмаған ең жоғары көрсеткішке жетті.

Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан

Қазақстан арқылы барлық бағдарлар бойынша транзиттік контейнерлік тасымал көлемі жылдық рекордтық – 1 млн ЖФЭ-ден астам көрсеткішке көтерілді. Пайызға шаққанда алдыңғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда бұл 22 пайызға көп.

Бір айта кетерлігі, Қытай-Еуропа-Қытай бағдары бойынша тасымал көлемі

бір жылға 662 мың ЖФЭ-ні құрады, бұл 2020 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 32% артық. Қытай-Ресей-Қытай бағдары бойынша тасымал көлемі 69 мың ЖФЭ-ден асты, өсім 28%. Ақтау теңіз сауда порты арқылы тасымал жүргізетін Мультимодальды Транскаспийлік халықаралық көлік бағдары бойынша тасымал көлемі 14 мың ЖФЭ-ден артып, өсім 88 пайызды құрады. Қаржылық көрсеткіштері жағынан «KTZ Express» оң қаржылық нәтижеге қол жеткізді: соңғы жылдары бірінші рет

табыс жоспардан бірнеше есе асып түсті, операциялық табыс та солай еселенді.

«KTZE 2022 жылға тасымал көлемі мен табысты арттыру, ең бір жаңа IT құралдарды енгізу бойынша стратегиялық мақсаттар мен биік міндеттер қояды. Соның ішінде бизнес-үдерістерді автоматтандыру және клиенттермен өзара іс-қимыл, сервистер желісін кеңейту, логистиканың тиімді үлгілерін жүзеге асыру да бар», – деді «KTZ Express» АҚ басшысы Нұрлан Игембаев.

ПРОЕКТ «АВТОМАТИЗАЦИЯ ЭКСПЛУАТАЦИОННОГО ВАГОННОГО ДЕПО» В ПИЛОТНОМ РЕЖИМЕ УСПЕШНО АПРОБИРОВАНО В АЛМАТИНСКОМ ДЕПО. В ХОДЕ ИСПЫТАНИЙ В МОБИЛЬНОЕ ПРИЛОЖЕНИЕ ЗАГРУЖЕНЫ ДАННЫЕ ПО ОСМОТРУ 16 ПОЕЗДОВ, 512 ВАГОНОВ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

ОБЩИЙ ПАРК ПОЛУВАГОНОВ ДЛЯ ПЕРЕВОЗКИ УГЛЯ В КАЗАХСТАНЕ УВЕЛИЧЕН ДО

16 000

ЗА 12 МЕСЯЦЕВ 2021 ГОДА В ПРЕДЕЛАХ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОГО УЧАСТКА ЖЕЛЕЗНЫХ ДОРОГ ПРОВЕДЕНО

637

РЕВИЗОРСКИХ ПРОВЕРОК

ПОГРУЗКА ГРУЗОВ В КОСТАНАЙСКОМ ОТДЕЛЕНИИ ГРУЗОВЫХ ПЕРЕВОЗОК В 2022 ГОДУ СОСТАВИТ ПОРЯДКА

2 400

КОНТЕЙНЕРОВ

№7 (2722) 04/02/2022

АРҚАДА ҚЫС ЖАЙЛЫ БОЛСА...

Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан



ҚАРМЕН КҮРЕС

Қармен күрес – солтүстіктегі теміржолшылар үшін ең маңызды жұмыстың бірі. Жылда қарашадан наурызға дейін жол бойын қардан тазалаумен айналысатын жолшыларға биыл табиғат-ана жеңілдік жасағандай.

Астана жол дистанциясы өндірістік техникалық бөлімінің бастығы Әлішер Сыздықтың айтуынша, биыл арқаның қысы жылы және қар да аз түскен. Тек желтоқсан айында қалың қар түскен. Бірақ соның өзі салыстырмалы түрде аз. Дегенмен, алда қыстың әлі бір айы бар екенін де ұмытпаған жөн.

«Арқада қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар» демекші, биылғы қыс қарасып тұр. Әзірге қалың қар, ақтүтек боран, сарышұнақ аяз жоқ. Өткен жылдың 25 қарашасынан бастап бүгінге дейін 40080 текше метр қар шығарылды. Алғашқы күндері жол дистанциясынан бөлек құрылымдық мекемелерден қар тазалауға 178 теміржолшы жұмылдырылды. Ал біздің дистанция штатындағы 650 адамның бәрі қармен күреске шығады. Шағын станцияларда кезекшілікке тәулігіне жай күндері 2 адамнан, ал боранда 6 адамнан, Нұр-Сұлтан сияқты ірі станцияларда әр алқымда 2 адамнан жұмыс істейді. Ал бізде тек астана басында 10 алқым бар, есептей беріңіз, – дейді Ә.Маратұлы. Айтуынша, демалыс күні жұмысқа шыққандарға жалақысына қосымша ақы төленеді.

БИЫЛ 72 ШАҚЫРЫМ ЖОЛ ЖАҢАРАДЫ

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Былыр Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесіне қарасты аумақта 48,04 шақырым жолға күрделі жөндеу жүргізілген. Соңғы үлгідегі құрылыс-жөндеу жұмыстарының нәтижесінде қозғалыс қауіпсіздігі мен жылдамдыққа кері әсер ететін факторлар айтарлықтай азайған. Нәтижесінде жол сапасы жақсарып, түбек теміржолының өткізу жылдамдығы артқан.



Таратып айтсақ, Маңғыстау-Бейнеу учаскесіндегі күрделі жөндеу Бекет 12 мен Бекет 13 аралығына ұзындығы 17,46 км, Бекет 3-Үстірт станциясы аралығында 18,94 км, Бекет 7-Сай-Өтес станциясы бойынша 11,64 км жолға жасалған.

Сондай-ақ, рельстердің желінуіне байланысты Бейнеу жол дистанциясы бойынша Сай-Өтес-Бекет 9, Бейнеу станциясының жүк жөнелту жолдарында 2,466 км, Маңғыстау жол дистанциясы бойынша Бекет 9, Шетпе, Маңғыстау, Қарақия станциясының жүк жөнелту жолдарындағы 6,67 км ескі рельстер Р65 типті ауыр рельске ауыстырылған. Мұндай жұмыстар жылдың соңғы айларында да жалғасқан. Желтоқсан айында Ақжігіт, Бекет 5, Бекет 9, Шетпе, Маңғыстау станцияларының бас жолдарында 9 дана ескі ағаш шпалды бағыттама бұрмасының орнына темірбетон шпалды бағыттама бұрмасы қойылған.

Атап өтерлігі, бөлімше аумағында өткен жылы қозғалыс қауіпсіздігін бұзу дерегі тіркелмеген. Өндірістік жарақат алу жағдайлары да болмаған. МДК жол өлшегіш вагонының тексеріс қорытындысы бойынша жол күттімі 41 бірлікке орындалған. Бұл жоспарға қарағанда орындалу көрсеткішінің 137 пайызға жеткенін айтақтайды.

– Биыл 72 шақырым теміржол күрделі жөндеуден өтетін болады. Олар – Маңғыстау-Бейнеу телімінде Бекет 5-Үстірт, Бекет 14-Бекет 15, Бекет 16-Маңғыстау станциясы аралығындағы жолдар. Оған қоса Бейнеу-Тассай учаскесінде Парк Б-Алтай-Теректі-Сам арасында 36,5 шақырым түйіспелі рельстер ауыстырылып, орнына жаңа түйіспесіз рельстер салынады. Жоспарымыз ойдағыдай жүзеге асқаннан кейін түбек теміржолы тағы да жаңара түспек, – дейді бұл жөнінде Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің жол бөлімі басшысы Марлен Көктеубаев.

Маманның айтуынша, түбек теміржолында малдан келген қауіп сейілмей тұр. Өткен жылы 97 мал пойызға басылған. Былыр 125 шақырым жол бойына жаңадан малға қарсы қоршау тұрғызылған. Тағы 25 шақырым қоршау жөндеуден өткізілген. Өткелдердегі қауіпсіздікке қатысты 3300 автокөлік жүргізушісіне теміржол өткелінен өту ережесі таныстырылған.

Суретті түсірген автор

АСТЫҚ АРТҚАН ПОЙЫЗ АПАТҚА ҰШЫРАДЫ

ТӨТЕНШЕ
ЖАҒДАЙ

Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл облысы

Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі директорының міндетін атқарушы Дүйсенбек Сыдықов пен Жамбыл магистральдық желісінің басшысы Сұлтан Боранбаев төтенше жағдай орын алған аумақта жүргендіктен телефон арқылы тілдесуге ғана мүмкіндік болды.

«Біздің сарапшылардың көргені – 12 вагон аударылған, жүк жол да, тақ жол да біршама бүлінген, шпалдар да, рельс те жарамсыз болып қалған. Қазіргі таңда Қарағанды жол бөлімшесіне қарасты Жарық станциясынан рельс пен шпалдар жеткіздік. Шу, Сарышаған қалпына келтіру пойыздары келіп, құлаған вагондарды жолдан алып үлгерді. Балқаш қалпына келтіру пойызын да қосымша күш ретінде резервте ұстап тұрмыз», – деді Сұлтан Боранбаев.

Жүк пойызына Павлодар аймағының Северный станциясынан астық тиелген екен. Ол Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі арқылы Ауғанстанның Хайратон станциясына бет түзеген.

«Қазіргі кезде тегерек шаралары басталып кетті. Вагонның дөңгелектерін ұстап тұратын бүйірлік жақтауы сынып кеткен. Бұл жерде жамбылдық мамандардың кінәсі жоқ екені анық. Вагондардың қай уақытта жөндегенін, кім қабылдап алғанын, жолдардың талапқа сәйкестігін тексерушілер анықтайтын бола-

Сарышағаннан Қарағандыға қарай, Мойынтыға жетпей, Науалы станциясында жүк пойызы апатқа ұшырады. Әзірге белгілісі, төтенше оқиғаға вагондардың бірінің бүйірлік рамасының морт сынуы себеп болған. Қазіргі таңда мамандар шығынның нақты көлемін есептеп үлгерген жоқ. Алайда, біз оқиғаның мән-жайын білуге тырыстық.



ды», – деп толықтырды бөлімше басшысы. Сарышаған қалпына келтіру пойызы басыншының орынбасары Марат Ахметов нысандағы негізгі жұмыстардың аяқталғанын айтты. «Шудағы әріптестерімізбен бірге күні-түні жұмыс істедік. Адам күші, техника – бәрін түгел жұмылдырдық. Балқаш қалпына келтіру пойызы жөндеудегі әзір тұр. Әрқайсысы 60 тонналық 12 вагон жолдан шығып кеткен, оңай емес, біршама залал келген вагондар қауіпсіз маңға көшіріліп, қазір жолды жөндеу жұмыстары жүріп жатыр», – деп атап өтті Марат Ахметов.

Сарышаған жол дистанциясының директоры Берікбол Рақышевтің айтуынша, бір жолдың 125 метрі жарамсыз болып қалыпты. Ал екінші

жолдың 900-метрге жуығының шпалдарын ауыстыру керек. Сонымен қатар екі стрелка бұрмасы бүлінген. «Бізден алғашқы күннен бастап 60 шақты жолшы, трактор, УАЗ көліктерінен 10-нан астам техника және рельс, шпалдарды көтеретін 2 МПТ-4 қондырғылары уақытпен санаспай жұмыс істеп жатыр. Өйткені, пойыздарды қідіртпей өткізу керек. Жүк жол да, тақ жол да жабық. Төтенше жағдай орын алған сағаттан бастап есептегенде, он сағаттың ішінде бірінші жолды ашып үлгердік. Енді екінші жолды пайдалануға беруге тиіспіз», – деді ПЧ-48 мекемесінің басшысы.

Жамбыл учаскесі бойынша қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі салалық өңірлік тексеруші Дархан Құндызбековтің айтуынша, апат орын ала сала тиісті орындарға хабар беріліп, жергілікті теміржолшылар барлық қозғалысты тоқтатып, нұсқауға сәйкес әрекет еткен. Қалпына келтіру пойыздары да дер кезінде келіп жеткен.

Бет қатталып жатқанда «ҚТЖ» АҚ баспасөз қызметі Науалы станциясындағы пойыздар қозғалысы толық қалпына келтірілгенін мәлімдеді. Жолдан шығып кету салдарын жоюға жалпы 200-ге жуық теміржолшы жұмылдырылған. Оқиға орнында қазір арнайы құрылған комиссия жұмыс істеп жатыр.

«Вагондардың жолдан шығып кету себебі – ресейлік вагонның бүйір рамасы сынып кеткен. Тексеру қорытындысы бойынша келтірілген залал үшін өтем кінәлі тарапқа белгіленген тәртіптен талап етілетін болады» делінген баспасөз қызметінің хабарламасында.

Суретті түсірген автор

Сұхбат

ЖҮК ТАСЫМАЛЫНЫҢ 70-80 ПАЙЫЗЫН МҰНАЙ ЖӘНЕ ХИМИЯ ӨНІМДЕРІ ҚҰРАЙДЫ



Қосұым МҰҚАШЕВ,
Атырау

– Аслан Лұқпанұлы, бөлімшенің қазіргі тыныс-тіршілігі туралы айтып берсеңіз.

– Өзіңіз білесіз, соңғы екі жылда елдегі коронавирус инфекциясына қатысты қауіпсіздік шаралары қатаң болды, көптеген шектеулер болды. Бірақ өндіріс тоқтаған жоқ, темір жол қалыпты жұмыс режимін сақтады. Атырау қосалқы бөлімі, бұрынғыша айтқанда, жүк тасымалы бөлімшесі – еліміздің батысындағы ірі кәсіпорын саналуымен бірге, Қазақстанның көлік әлеуетін дамытуда стратегиялық маңызға ие, атқаратын жұмыс көлемі бойынша 1-ші категорияға жататын, аумағы да, ауқымы да кең, соған орай жұмыс көлемі де үлкен әрі күрделі бөлімше. Өндірісті темір жол арқылы тасымалданатын жүк көлемінің 70-80 пайызын мұнай және мұнай-химия өнімдері құрайды. Сол себепті де қара алтынның кені саналатын Атырау өңірінің ел экономикасына қосып отырған сүбелі үлесінде өлке темір жолының алатын орны ерекше. Сондықтан да Мақат, Құлсары, Атырау, Сағыз, Махамбет, Ақжайық, Теңдік, Қарабаған, Доссор, т.б. телімдік және жүк станцияларының жұмысы аса қауырт, қысы-жазы, тәулік бойы бір сәтке де тыныс алмай, мұнай тиелген цистерналар ағылып жатады. Өткен жылда теміржолшылар барлық сынан мүдірмей өтті деуге болады. Айталық, өткен жылы пайдаланым жүк айналымы жүз пайыздан жоғары болды. Жоспардағы 9633 млнткмнетто орнына 10428,3 млнткмнеттоны құрап, 108,3 пайызға орындалды. Вагонның орташа статистикалық салмағы – 101,1, тиелген вагонның динамикалық салмағы – 102,2, жүк вагондарының тиелген вагондарға шаққандағы жүрісі – 108, пойыздың орташа салмағы – 101,4, локомотив жүрісі 100,8 пайызға орындалды. Кейбір көрсеткіштер межеге жетпеді, өйткені Теңіз кенішінде, Атырау мұнай өңдеу зауытында цехтар жөндеуге тұрып қалды, басқа да себептер болды. Тасымал тасқынын жақсарту үшін соңғы жылдары аймақта бес разъезд ашылды, Мақат станциясындағы сұрыптау дөнесі реконструкцияланды. Ақжайық, Теңдік, Қарабаған станцияларының қуатын арттыру бағытында да біраз жұмыстар атқарылды. Соның ішінде қайта жаңғырудан өткен Теңдік станциясы үлкен әлеуетке ие болды. Атырау мұнай өңдеу зауытымен қоян-қолтық жұмыс істейтін станцияның қуатын арттыру компа-

Ел экономикасының күретамыры саналатын темір жол – тәуелсіз мемлекетіміздің іргелі бір саласы және соңғы 25 жыл бойына әлеуетін арттыруға күш салып келе жатқан компания. «ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС «Батыс» филиалы Атырау қосалқы бөлімі өткен жылды қалай қорытындылады? Бұл сұрақтың жауабын аймақ темір жолының басшысы Аслан Базарғалиевпен сұхбатымыз барысында білетін боламыз.

ния басшылығының бастамасы, нәтижесі біз күткеннен де жоғары. Станцияларда бұрмаларды түгел автоматтандырдық, бөлімшенің жүк өткізу қабілеті мен техникалық қуатын арттыру бағытында атқарылған жұмыстар вагондарды қабылдау-жөнелтуді жылдамдатып, жұмысты жеңілдетті.

– Станциялардың қазіргі сәтте пойыздарды өткізу қабілеті қаншалықты?

– Бөлімше бойынша 50-ге жуық ірілі-ұсақты станциялар мен разъездер, құрылымдық бөлімшелер бар, оларда екі мың жарымнан астам адам еңбек етеді. Пойыздар өткізу қабілеті орташа есеппен алғанда тәулігіне 19-дан 28 жүк пойызға дейін. Солардың ішінде Мақат станциясы «кластан тыс» станция, ал Теңдік станциясы «III класты» станция мәртебесіне ие. Соңғы жылдары жолдарды күрделі жөндеу көлемі артып, өткізу қабілетіне жағымды әсер етті. Бұрын сағатына 60 шақырым жүретін жолдарда қазірде пойыздар 100-120 шақырыммен жүреді. Ол, әрине, жақсы көрсеткіш деп білеміз. Атыраудан Сағызға дейінгі жолдар плит рельстермен алмастырылды. Атырау-Құлсары жолы да солай.

– Қозғалыс қауіпсіздігі – темір жолдағы ең маңызды мәселе, бұл бағытта ахуал қандай?

– Әрине, темір жол үлкен сала, бөлшек-бөлшек құрылым, бірақ бәрін де негізгі міндеті – қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету. 2021 жылы пойыздың және маневрлік жұмыстарда ақау, өндірістік жарақат алу жағдайы болған жоқ. Жолдың сапалы болуы жүк және жолаушылар пойызының қауіпсіздігі мен жылдамдығына тікелей әсер етеді. Жоспар бойынша 2021 жылы аймақта 55,53 шақырым жол күрделі жөндеуден өтті, өндірістік біраз жолдар жаңартып қалды. Жұмысшылар арнайы киім және қорғаныш құралдарымен 100 пайыз қамтамасыз етілген.

– Аслан Лұқпанұлы, компания еңбек ұжымдарында әлеуметтік шиеленісті азайтуға маңыз беріп отырғанын білесіз. Теміржолшылар арасында әлеуметтік тұрақтылық қалай?

– Әлеуметтік саясат және жұмысшыларды ынталандыру бойынша бөлімшеде арнайы жоспар жасақталған. Кешенді жоспарға сәйкес өткен жылы еңбек жағдайын жақсартуға 10 шара белгіленген болса бәрі де орындалды, 50171,78 мың теңге толықтай игерілді. Бүгінде жұмысшылардың орташа жалақысы 241 мың теңге шамасында, оған қоса сыйақысы бар. Жалпы айтқанда, ұжымда әлеуметтік тұрақтылықты сақтау шаралары басты назарда. Еңбек жағдайын жақсартып жатырмыз, «ҚТЖ-ның 100

жас келбеті» бағдарламасына сай жастарды көтерудеміз. Мәселен, екі кандидатура – бірі Атырау станциясының бас инженерлігіне, екіншісі Махамбет станциясының кезекшісі лауазымына ұсынылды.

– Қазіргі талап бойынша сандық технологиялардың өндіріске енгізу қарқыны алғаны белгілі, осы бағытта қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Қазірде барлық салада цифрландыру процесі жүріп жатыр ғой, темір жол да жаңашылдықтан кенде емес. Компанияның салалық бағдарламалары арқасында Атырау бөлімшесіне де жаңа технологиялар енгізілуде, инновациялық жобалар жүзеге асырылуда. «Цифрлық теміржол» стратегиясы, «Келісімшарттық және коммерциялық жұмыс» автоматтандырылған басқару жүйесі (АБЖ ДКК) және АСУ ДКР жүйесін, автоматтандырылған басқару жүйесін (АСУ ЭДТ) пайдаланамыз. АСУ ДКР жүйесіне 16 станция қосылған. Пойыздар қозғалысы кестесінің автоматтандырылған (ГИД Урал) жүйесі де енгізілді. Бөлімше бойынша «ГИД Урал» жүйесіне 14 станция мен 78 абонент қосылған. Электрондық құжат айналымы, сондай-ақ, SAP жүйесі де енгізілді. Бүгінде қағазсыз технологиямен жұмыс бойынша өндіріде 983 жүк жөнелтушілер және жүк қабылдап алушылармен келісім-шарттар жасакталды.

– Былғы жылы тасымал көлемін арттыруда қандай жоспарларыңыз бар?

– Жалпы тасымал көлемі артады деген болжамымыз бар. Быылға межеленіп отырған көлем – 10 млн 235 мың тонна, ол деңгейге жетеміз деп ойлаймын. Себебі, 2022 жылы Теңдік станциясы бойынша жүк жөнелтуші «Батыс Транс Групп» ЖШС көп көлемде мұнай өнімдерін тиіменек. Сол сияқты басқа да компаниялармен Батыс Ескене арқылы ай сайын 27-ден 32 маршрутқа дейін 60 жартылай вагон түйіршіктелген күкірт жөнелтілмекші. Қарабаған станциясы бойынша «Теңізшевройл» ЖШС тәулігіне 10756 тонна мұнай өнімдерін жібереді. Өткен жылы «Қаз-теміртрэнс» АҚ меншігіндегі 10288 вагонға жүк тиелді, ол – жалпы жүктің 5,24 пайызы, енді осыны жабық вагондарда 8%-ға, жартылай вагондарда 25%-ға арттыруды көздеп отырмыз. Цифрлық дамуға байланысты биыл Теңдік, Сағыз, Қарабаған станцияларында АСУ СТ-Узел автоматты кешенді басқару жүйесін орнату жоспарымыз бар. Мұның бәрі тасымал тасқынын арттырып, табыс көлемін көбейтуге көмектеседі деп сенеміз.

– Өңгімеңізге рахмет!

Суретті түсірген автор

КЛЮЧЕВОЙ ФАКТОР



Выявление нарушений, отклонений, изъянов безопасности движения поездов проводится ревизорским аппаратом. Так, аппаратом РБ Алматы за ушедший год проведено 873 проверки, в том числе 43 ночных, в ходе которых выявлено 10 535 нарушений ведения НТД и содержания ТС и ПС. Безопасность движения обеспечивается содержанием в постоянной исправности всех железнодорожных сооружений, пути, подвижного состава, оборудования и механизмов, устройств сигнализации, блокировки и связи путем их осмотров и предупредительного технического обслуживания.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Подразделениями, расположенными в границах Алматинского отделения ГП допущено НБД – 19 случаев против 17, в том числе: событий – 8, инцидентов – 11.

Так, крушения, аварии остались на уровне прошлого года, количество событий увеличено на 4, количество инцидентов сокращено на 2.

Прочими участниками перевозочного процесса в границах Алматинского отделения ГП допущено 44 нарушения безопасности движения, на подъездных путях – 32 против 23 в 2020 году.

Ремонтными предприятиями допущено 28 случаев, сторонними предприятиями – 4, физическими лицами – 14 нарушений безопасности движения против 6 периода 2020 года.

Как отмечает главный региональный ревизор Мейрамбек Серикбаев, основными причинами нарушений в хозяйстве грузовых перевозок является низкий уровень знаний работников, непосредственно связанных с движением поездов, а также отсутствие технологической дисциплины при производстве маневровых работ. Более того, систематическое неисполнение своих прямых должностных обязанностей работниками станции.

С его слов, случаи нарушения безопасности движения поездов на станции Достык допущены из-за незнания тормозного башмака из-под вагона, отсутствия составителя поездов на первом по ходу



движения вагона и неприятные моменты по остановке состава при отказе в работе радиостанций. Критике также подверглись станции Бурундай, Алматы-1, Актогай.

Мейрамбек Серикбаев.

Главный ревизор остановился на том, что основными причинами схода вагонов на подъездных путях явилось неудовлетворительное содержание верхнего строения



БЕЗОПАСНОСТЬ ДВИЖЕНИЯ ПЕЗДОВ ЯВЛЯЕТСЯ КЛЮЧЕВЫМ ФАКТОРОМ, ОСНОВНЫМ УСЛОВИЕМ ЭКСПЛУАТАЦИИ ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ. ПЕРЕВОЗОК ПАССАЖИРОВ И ГРУЗОВ.

– Безопасность движения поездов является ключевым фактором, основным условием эксплуатации железной дороги, перевозок пассажиров и грузов. Все организационные и технические мероприятия на железнодорожном транспорте должны отвечать требованиям безопасного и бесперебойного движения поездов, – отмечает

пути ветвладельцами.

Касательно локомотивного хозяйства, где основной причиной допущенного случая проезда маневровым локомотивом маневрового светофора «М-1» с запрещающим показанием, на станции Шелек при производстве маневровой работы с последующим сходом локомотива на стрелочном переводе

№1, нарушение требований пунктов 117, 119 главы 13 Правил технической эксплуатации железнодорожного транспорта машинистом и помощником машиниста. В результате чего допущен проезд на запрещающий сигнал маневрового светофора «М-1».

Критике подверглось и хозяйство пути, где имеет место отсутствие качества контроля со стороны руководителей дистанции пути среднего звена.

Непрерывный рост перевозок, осуществляемых на железной дороге, приводит к увеличению интенсивности движения поездов, повышению их массы и скорости движения. Как следствие, происходит увеличение протяженности тормозных путей, возрастает опасность наезда подвижного состава на людей. Наезды составляют более половины случаев производственного травматизма на железной дороге. Еще недостаточно проводится разъяснительная работа среди населения, школ, организаций, с водителями автотранспорта по вопросам предупреждения случаев наезда на людей и по правилам проезда через железнодорожный переезд.

Особый упор сделан в сторону хозяйства сигнализации и связи, именно в адрес этой службы идет большое количество рапортов от машинистов. Так, причиной схода на стрелке №115 станции Алматы-1 при роспуске вагонов с сортировочной горки маневровым тепловозом СКД6б №2056 явилось совокупность недостатков в содержании стрелочного перевода, а также порядке пользования устройствами СЦБ: электрические, механические параметры не приведены к регламентированным нормам.

